

«Тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған тиімді оқыту стратегиялары» облыстық шеберханасы жұмысын аяқтады

2025–2026 оқу жылында №64 жалпы білім беретін орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Исмурзина Индира Хасановнаның жетекшілігімен «Тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған тиімді оқыту стратегиялары» атты облыстық шеберхана жұмысы өткізілді.

Шеберхананың мақсаты – ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған тиімді оқыту стратегияларын насихаттау, заманауи педагогикалық тәжірибелерді тарату және тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру.

Шеберхана жұмысына облыстың аудандық және қалалық мектептерінен ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері қатысты. Шеберхана құрамында барлығы 18 педагог жұмыс жасады.

Оқу жылы барысында 4 отырыс өткізілді. Отырыстар барысында ағылшын тілін оқытудың негізгі кезеңдері мен басты аспектілері, сабақтың тиімді құрылымын ұйымдастыру, грамматиканы оқытудың заманауи тәсілдері, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оқылымнан айтылымға көшу арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту, белсенді тыңдалым мен сенімді сөйлеуді қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер қарастырылды. Сонымен қатар сабақтағы интерактивті сергіту сәттерін тиімді пайдалану, жасанды интеллект құралдарын ағылшын тілін оқытуда қолдану, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту, жазылым дағдыларын қалыптастырудың практикалық жолдары, білім беру үдерісіндегі рефлексияның маңызы және оқытудағы тиімді педагогикалық әдістер бойынша тәжірибелер ұсынылды.

Практикалық бөлімдерде қатысушылар заманауи оқыту технологияларын сабақ барысында қолдану жолдарымен танысып, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен стратегияларды тәжірибеде орындады. Шеберхана аясында педагогтер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, ағылшын тілі сабақтарының сапасын арттыруға бағытталған тиімді әдістемелік ұсынымдар берілді.

Облыстық шеберхана жұмысы ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, тиімді педагогикалық тәжірибелерді таратуға және тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған заманауи оқыту стратегияларын енгізуге мүмкіндік берген маңызды әдістемелік алаң болды.

Н.Б.Тайпақова, жалпы орта білім беру бөлімінің әдіскері

Областная творческая мастерская на тему «Эффективные стратегии обучения, направленные на развитие языковых навыков»

В 2025–2026 учебном году на базе средней общеобразовательной школы №64 под руководством учителя английского языка Исмурзиной Индиры Хасановны была организована и проведена областная творческая мастерская на тему «Эффективные стратегии обучения, направленные на развитие языковых навыков».

Цель мастерской – совершенствование профессиональной компетентности учителей английского языка, распространение эффективных стратегий обучения, направленных на развитие языковых навыков, внедрение современных педагогических практик и создание площадки для обмена опытом.

В работе мастерской приняли участие учителя английского языка городских и районных школ области. В состав мастерской вошли 18 педагогов.

В течение учебного года было проведено 4 заседания. В ходе заседаний рассматривались основные этапы и ключевые аспекты преподавания английского языка, эффективная организация структуры урока, современные подходы к обучению грамматике, формирование коммуникативных навыков, развитие устной речи через работу с чтением, а также методы, направленные на развитие активного слушания и уверенного говорения. Кроме того, были представлены эффективные способы использования интерактивных разминок на уроках, применения инструментов искусственного интеллекта в обучении английскому языку, развития творческого и критического мышления учащихся, практические подходы к формированию навыков письма, значение рефлексии в образовательном процессе и современные эффективные методы преподавания.

В практической части участники ознакомились с возможностями применения современных образовательных технологий на уроках и выполняли задания и стратегии, направленные на развитие языковых навыков обучающихся. В рамках мастерской был организован обмен опытом между педагогами, а также представлены методические рекомендации, направленные на повышение качества преподавания английского языка.

Работа областной творческой мастерской стала важной методической площадкой, способствующей профессиональному развитию учителей английского языка, распространению эффективного педагогического опыта и внедрению современных стратегий обучения, направленных на развитие языковых навыков.

Н.Б.Тайпакова, методист отдела общего среднего образования



